

**8D10101 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған Сейтқали
Ақбота Сейтқалиқызының «Қазақстан Республикасында құлақ шуылы
патологиясы бар науқастарға медициналық-ұйымдастырушылық
көмектің тиімділігін бағалау» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысының
АҢДАТПАСЫ**

Зерттеу өзектілігі:

Тиннитус немесе құлақ шуылы – сыртқы тітіркендіргіш көздерінің болмауына қарамастан, адамның құлағында немесе басында дыбыстарды сезінуі [1–3]. Науқастар бұл шуды әртүрлі сипаттайды: қоңырау үні, гуіл, ызың, сықырлау, шуыл, теңіз толқындарының дыбысы және басқа да дыбыстық құбылыстар. Бір адамда бұл дыбыстар әртүрлі сипатта және қарқында болуы мүмкін, бір уақытта немесе кезек-кезек пайда болуы мүмкін. Дыбыстық сезімдер бір құлақта, екі құлақта немесе бүкіл бас аймағында локализациялануы мүмкін. Клиникалық көріністердің әртүрлілігіне байланысты тиннитуспен ауыратын науқастарға жалпы тәжірибе дәрігерлері, отоларингологтар (ЛОР), нейрофизиологтар, неврологтар, психологтар және басқа да мамандарды қамтитын дисциплинааралық көмек қажет [4-6].

Тұрақты тиннитус әлемдегі ересек тұрғындардың шамамен 8%-ына әсер етеді. Неміс Тиннитус Лигасының (Deutschen Tinnitus-Liga) мәліметтері бойынша, Германияда үш миллионнан астам адам осы жағдайдан зардап шегеді [7-14]. Солтүстік Америкада шамамен 36 миллион адам күн сайын тиннитуспен бетпе-бет келеді, ал АҚШ халқының шамамен 1%-ы медициналық көмекке жүгінген. Ересек американдықтардың жартысынан көбі уақыт өте келе осындай белгілерді бастан кешіреді [15]. Эпидемиологиялық зерттеулерге сәйкес, тиннитустың таралуы 5,1%-дан 42,7%-ға дейін ауытқиды. Ұлыбританиядағы ірі обсервациялық зерттеуде ауыр тиннитус жағдайларының жиілігі 10 000 адамға шаққанда 5,4 жағдайды құрады [16]. Ұлттық денсаулық сақтау қызметі (NHS) тиннитусты емдеуге жыл сайын 750 миллион фунт стерлинг жұмсалатынын бағалады [16].

Сауалнамаға қатысушылардың төрттен бірі (25%) тиннитустың пайда болуын шуылдық жарақаттармен байланыстырды, мысалы, әуе кемелерінің шуылымен, аңшылықтағы атыс дыбыстарымен немесе басқа акустикалық факторлармен. 65% респонденттер тиннитустың даму механизмін нақты сипаттай алды, ал 31%-ы бұл туралы түсінік бере алмады. 26,4% респонденттер стресс факторын тиннитустың негізгі себебі ретінде атады, олардың 54,2%-ында негізгі себеп кәсіби стресс болды. Сонымен қатар, 37% респонденттер тиннитусты тұрмыстық жағдайлардағы стресс немесе психоэмоционалдық жүктемемен байланыстырды [17-19].

Қазіргі уақытта тиннитус емдеудің бірыңғай әдістері жоқ, бұл мамандар арасында да, пациенттер арасында да пікірталас тудырады.

Нидерландта жүргізілген зерттеуге сәйкес, денсаулық сақтау жүйесінің тікелей шығындары 1,9 миллиард еуроны құраған, ал жалпы экономикалық шығындар (өнімділіктің төмендеуі және басқа шығындар) 6,8 миллиард еуроға жеткен [27].

Қазақстан Республикасында тиннитусқа қатысты арнайы зерттеулер жүргізілмеген. Сондай-ақ, бұл мәселе бойынша клиникалық хаттама жоқ. Осыған байланысты зерттеуіміздің өзектілігі Қазақстандағы тиннитустың таралуы, қауіпті факторлары және оған медициналық-ұйымдастырушылық көмекті зерттеу қажеттілігімен түсіндіріледі.

Зерттеудің мақсаты: тиннитус бар науқастарға медициналық-профилактикалық көмекті жетілдіру.

Зерттеу міндеттері:

1. Тиннитус бар науқастарға дисциплинааралық көмек көрсету бойынша халықаралық және отандық тәжірибесін зерттеу.
2. Алматы қаласының мысалында тиннитус таралуын және оның дамуына әсер ететін қауіп факторларын талдау.
3. Алматы қаласындағы тиннитус бар науқастардың өмір сүру сапасын бағалау.
4. Тиннитус бар науқастарға медициналық-профилактикалық көмекті ұйымдастырудың қолданыстағы тәжірибесін зерттеу.
5. Тиннитус бар науқастарға медициналық-алдын алу көмегін жетілдіруге арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу әдістері:

а) Библиографиялық әдіс: PubMed, Cochrane, CRD, Google Scholar және басқа да мәліметтер базаларындағы ғылыми ізденіс.

б) Социологиялық зерттеу: халықаралық сауалнамалар негізінде: Tinnitus Functional Index (TFI), EQ-5D-3L.

в) 18 жастан асқан халыққа, ЛОР дәрігерлері мен неврологтарға арналған сауалнамалар әзірленді.

Зерттеу объектісі:

Алматы қаласының тұрғындары, 18 жастан асқан науқастар, отоларингологтар және неврологтар.

Зерттеу пәні:

Қазақстан Республикасында тиннитус бар науқастарға медициналық-профилактикалық көмекті ұйымдастыру, оның ішінде қауіп факторларын, таралуын, науқастардың өмір сапасын зерттеу және тиннитус емдеудің қолданыстағы тәсілдерін талдау.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Тиннитус(құлақ шуылы) және оның даму қаупін арттыратын факторлардың кең таралуы бұл симптом туралы халықтың хабардарлығын арттыруға баса назар аудара отырып, бастапқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде алдын алу шараларын ұйымдастыруға арналған кешенді іс-шараларды әзірлеу және енгізу қажеттілігін негіздейді.

2. TFI шкаласының талдауы ер адамдардың көптеген қосымша шкалалар бойынша жоғары балл алғанын, ал әйелдердің «бақылау сезімінің төмендеуі» және «когнитивтік қиындықтар» қосымша шкалалары бойынша едәуір ерекшеленгенін көрсетті. Сонымен қатар, когнитивтік бұзылулар, есту проблемалары, эмоционалдық күйзеліс, босаңсудағы қиындықтар мен өмір сапасының төмендеуі арасындағы өзара байланыс жоғары екені анықталды.

3. Қазақстандағы тиннитус бар науқастар арасында бейімделген халықаралық «Тиннитус функционалды индексі» құралын қолдану пациенттің жағдайының динамикасын бақылауға, ең айқын проблемаларды анықтауға, нәтижесінде емдеу тактикасын дұрыс анықтауға мүмкіндік береді.

4. EQ-5D-3L шкаласы бойынша жүргізілген өмір сапасының талдауы ауырсыну/ыңғайсыздық және мазасыздық/депрессия сияқты мәселелердің айқын көрінетінін көрсетті, әсіресе әйелдер мен 50 жастан асқан адамдар арасында

5. Қазақстандағы тиннитус бар пациенттерге көрсетілетін медициналық-ұйымдастырушылық көмек тиімділігінің төмендігімен сипатталады. Бұл тиннитус бар пациенттерді жүргізуде дисциплинааралық тәсілдің жоқтығымен, медициналық қызметтердің, әсіресе сурдолог, невролог, психолог консультацияларының төмен қолжетімділігімен, сондай-ақ сөйлеу аудиометриясы, тимпанометрия, КТ және МРТ сияқты диагностикалық процедуралардың шектеулі мүмкіндігімен расталады.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері практикалық денсаулық сақтау жүйесіне енгізіліп, ресми актілермен расталды.

Тиннитус функционалды индексі (Tinnitus Functional Index) халықаралық құралы қазақ және орыс тілдеріне бейімделіп, № 52730 авторлық куәлігімен (18.12.2024 ж.) тіркелді.

«Тиннитус бар науқастарды басқару ерекшеліктері» әдістемелік нұсқаулығы № 51938 авторлық куәлігімен (27.11.2024 ж.) бекітілді және келесі медициналық мекемелердің тәжірибесіне енгізілді:

1. Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының №5 Қалалық клиникалық ауруханасы

2. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының №7 Қалалық клиникалық ауруханасы

3. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының №35 Қалалық емханасы

4. Қызылорда облысы Денсаулық сақтау басқармасының Көпсалалы облыстық ауруханасы

Тиннитус бар науқастарды басқаруға арналған диагностикалық алгоритм әзірленді.

Тиннитус диагностикасы мен емдеуіне арналған клиникалық хаттама жасалды, онда докторант тең авторлардың бірі болып табылады (қазіргі уақытта

С. Қайырбекова атындағы Ұлттық денсаулық сақтауды дамыту ғылыми орталығында сараптамадан өтуде).

Ғылыми жаңалығының негіздемесі:

- Қазақстан Республикасында практикалық денсаулық сақтау жүйесінде алғаш рет «Тиннитус функционалдық индексі» атты халықаралық сауалнама бейімделіп, қолданысқа енгізілді.

Алматы қаласы тұрғындары арасында тиннитус таралуы мен қауіп факторлары алғаш рет зерттеліп, бұл патология бойынша эпидемиологиялық деректерді кеңейтуге мүмкіндік берді.

Тиннитус бар науқастардың өмір сапасы алғаш рет «Тиннитус функционалдық индексі» және EQ-5D-3L (EuroQol Group) халықаралық құралдарын пайдалану арқылы зерттелді.- «Тиннитус (кұлақ шуылы) диагностикасы және емдеуінің клиникалық хаттамасы» әзірленді, қазіргі уақытта С. Қайырбекова атындағы Ұлттық денсаулық сақтауды дамыту ғылыми орталығында сараптамадан өтуде.

- «Тиннитус бар науқастарды басқару ерекшеліктері» әдістемелік нұсқаулығы дайындалды, ол Қазақстандағы дәрігерлер мен басқа да медицина қызметкерлеріне арналған практикалық құрал болып табылады.

Теориялық және практикалық маңыздылығы:

- Қазақ және орыс тілдеріне бейімделген «Тиннитус функционалды индексі» халықаралық сауалнамасы клиникалық мамандарға емнің тиімділігін оның алдында және кейін бағалауға мүмкіндік береді.

- Тиннитус таралуы және қауіп факторлары анықталып, алдын алу шараларын әзірлеуге негіз болды, соның ішінде бастапқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде халықтың хабардарлығын арттыруға бағытталған жұмыстар атқарылуы қажет.

- Құрастырылған әдістемелік ұсынымдар Қазақстандағы дәрігерлерге тиннитус диагнозын қою және оны емдеу бойынша практикалық нұсқаулық болып табылады. Бекітілген клиникалық хаттаманың болмау жағдайында бұл құжат маңызды кемшіліктің орнын толтырады және халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, еліміздің денсаулық сақтау жүйесіне бейімделген. Бұл ұсынымдар бастапқы медициналық-санитариялық көмек (ПМСП) дәрігерлері мен ЛОР-дәрігерлерге науқастарды анықтау, кеңес беру және оңалту бойынша тиімді құралдарды ұсынады және қазіргі тәжірибені талдау негізінде оларды енгізудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Докторанттың жеке үлесі:

Ұсынылған жұмыс Сейтқали Ақбота Сейтқалиқызының авторлық еңбегі болып табылады. Докторанттың жеке үлесі зерттеудің теориялық және әдіснамалық бағдарламасын әзірлеуді, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін қалыптастыруды, зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізуді, ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық кезеңдеріне тікелей қатысуды, статистикалық деректерді өңдеуді, диссертация бөлімдерін жазуды, нәтижелерді түсіндіру мен талқылауды, қорғауға шығарылатын тұжырымдарды, қорытындылар мен практикалық ұсыныстарды тұжырымдауды қамтиды. Сонымен қатар, докторант: «Тиннитус функционалды индексі» халықаралық сауалнамасын

қазақ және орыс тілдеріне бейімдеді. «Тиннитус бар науқастарды басқару ерекшеліктері» атты әдістемелік нұсқаулықты әзірледі. Тиннитус клиникалық хаттамасын әзірлеуге қатысып, оның тең авторларының бірі болды.

Қорытындылар:

1) Алматы қаласында тиннитус таралуы 23,4% (95% СИ: 17,5-26,4) құрайды. Тиннитус дамуына әсер ететін факторлар логистикалық регрессия әдісімен дәлелденді. Егде жастағы адамдарда тиннитус пайда болу ықтималдығы жастарға қарағанда 2,87 есе жоғары (ТК=2,87; 95% СИ: 1,82-4,52), ал темекі шегетіндерде бұл көрсеткіш 2,35 есе жоғары (ТК=2,35; 95% СИ: 1,16-4,77).

2) Тиннитус бар науқастардың арасында тиннитус функционалдық индексі 55,4 балды құрады. TFI шкаласын талдау нәтижесінде ер адамдар көптеген қосымша шкалалар бойынша жоғары балл жинағаны анықталды, ал әйелдерде «бақылау сезімінің төмендеуі» (-1,64 балл) және «когнитивтік интерференция» (-0,74 балл) сияқты аспектілер айқынырақ көрінді.

3) Тиннитус байланысты есту қиындықтары мен босаңсу бұзылуы арасында ($r = 0,769$), сондай-ақ когнитивтік интерференция мен босаңсу бұзылуы арасында ($r = 0,815$) айтарлықтай өзара байланыс анықталды, бұл олардың өмір сапасының төмендеуіне әсер ететінін растайды.

4) EQ-5D-3L шкаласы бойынша өмір сапасын талдау нәтижесінде әсіресе әйелдер мен 50 жастан асқан адамдарда ауырсыну/ыңғайсыздық және үрей/депрессия мәселелерінің айқын көрініс табатыны анықталды. Визуалды аналогтық шкала бойынша орташа балл ерлерде (80 балл) әйелдерге қарағанда (75 балл) жоғары болды. 50–69 жас аралығындағы топ өз жағдайын басқа жас топтарына қарағанда жақсырақ бағалады.

5) Қазақстандағы тиннитус бар науқастарға көрсетілетін медициналық-ұйымдастырушылық көмектің тиімділігі төмен. Бұл келесі факторлармен түсіндіріледі: ЛОР дәрігерлері мен невропатологтардың тиннитус басқарудың заманауи тәсілдері туралы жеткіліксіз хабардар болуы, тиннитус диагностикасы мен емдеуі бойынша клиникалық хаттаманың жоқтығы, ЛОР дәрігері, невропатолог, психолог және сурдолог мамандарын қамтитын дисциплинааралық команданың болмауы.

6) Тиннитус бар науқастардың медициналық көмекке қолжетімділігін шектейтін негізгі кедергілер: қымбат диагностикалық процедуралардың (сөйлеу аудиометриясы, тимпанометрия, КТ, МРТ) қажеттілігімен байланысты қаржылық шығындар, сондай-ақ бастапқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде бейінді мамандардың (сурдолог, невропатолог, психолог) жеткіліксіз саны немесе олардың кәсіби дайындығының төмендігі.

Диссертацияның апробациясы:

Диссертацияның негізгі тұжырымдары ҚазҰМУ-дың (Қазақ ұлттық медицина университеті) саясат, менеджмент және денсаулық сақтау

кафедрасының ғылыми-тәжірибелік семинарлары мен жиналыстарында талқыланды.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары халықаралық конференцияда баяндалып, ұсынылды:

7-ші Шығыс Азия отология симпозиумы (EASO 2022) (24–26 наурыз 2022 ж., Токио, Жапония).

Жарияланымдар:

Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша 5 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде: 1 мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 1 баяндама конференция материалдары жинақтарында жарық көрді.

Жарияланған еңбектер:

1. Сейтқали А.С., Кошербаева Л.К., Медеулова А.Р. Тиннитус пациенттің психологиялық жағдайына әсерін зерттеу. Әдеби шолу // Наука и Здравоохранение. 2021. 6 (Т.23). Б. 205-213. doi:10.34689/SH.2021.23.6.022

2. Seitkali A.S., Kosherbaeva L.K., Medeulova A., Akhmetzhan A.D., Imamatinova A.M. Tinnitus perspectives among physicians of Kazakhstan // Nauka i Zdravookhranenie [Science & Healthcare]. 2023, (Vol.25) 2, pp. 65-69. doi 10.34689/SH.2023.25.2.009

3. Seitkali A., Hailey D., Akhtayeva N., Akhmetzhan A., Kosherbayeva L. Study the health condition of patient with tinnitus // Nauka i Zdravookhranenie [Science & Healthcare]. 2023, (Vol.25) 5, pp. 91-96. doi 10.34689/SH.2023.25.5.012

4. Akbota Seitkali, PhD Lyazzat Kosherbayeva, PhD Aigul Medeulova, PhD Nurgul Alekenova, Dinmuhamed Ayaganov, Gulnara Kandygulova. Tinnitus prevalence and care experience among population of Almaty city // Journal of Otology. <https://doi.org/10.1016/j.joto.2024.02.003>

5. Akbota Seitkali, Lyazzat Kosherbayeva PhD, Aigul Medeulova PhD. Patient experience in participating in the development of a clinical protocol for tinnitus // 7th EAST Asian Symposium of Otology (EASO 2022).

Енгізу актілері: Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері келесі медициналық мекемелердің тәжірибесіне енгізілді: Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының №5 Қалалық клиникалық ауруханасы, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының №7 Қалалық клиникалық ауруханасы, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының №35 Қалалық емханасы, Қызылорда облысы Денсаулық сақтау басқармасының Көпсалалы облыстық ауруханасы.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы:

Диссертация 139 бет машинкамен терілген мәтіннен тұрады және келесі бөлімдерден құралған: нормативтік сілтемелер, анықтамалар, қысқартулар мен белгілер тізімі, кіріспе, әдебиеттерге шолу, материалдар мен әдістер

сипаттамасы, өз зерттеулерінің нәтижелері, қорытынды бөлімі (қорытындылар, практикалық ұсыныстар) және пайдаланылған әдебиеттер тізімі. Жұмыс 6 суретпен, 19 кестемен толықтырылған және 7 қосымшаны қамтиды. Библиографиялық көрсеткіштер 212 дереккөзді құрайды.